

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Іле филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Іле филиалының тарихы:

1. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 15.06.2005 жылғы № 7 бүйрекшілдегі негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Іле филиалы құрылды.
2. 2023 жылдың маусым айында филиалда сақталған 15 қор – 5062 сақтау бірлігі Алматы облысының мемлекеттік архивіне өткізілді.
3. Филиалдың штат саны – 6.

4. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылыш, Алматы облысының Іле ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік турлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың занды құқықтары мен мұдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуга іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және занды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша ішшараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек

көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шыгару, көрме үйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

5. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтaryндағы мәліметке сәйкес филиалда – 161 қордың 61590 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филалға өткен құжаттардың ішінде Іле ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппаратарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Ұлы Отан соғысы ардагерлері – Аяшев Қантбек Асқарбаевичтің, Іле ауданының құрметті азаматы, жеті өнер иесі-әнші, актер, режисер, дирижер, ақын, сазгер, суретші Әлібек Нұрғожаның құжаттары сақталынуда.

6. Жинақтау көздерінің саны - 24

Іле филиалы Іле ауданының Байкент ауылындағы аудандық Мәдениет үйінің 2 қабатында орналасқан.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Іле филиалы
 3-ші ықшам ауданы,
 Байкент ауылы,
 Іле ауданы,
 Алматы облысы,
 Индекс: 040726,
 Телефон: 8 (72752) 7-77-24
 E-mail: iligaao@mail.ru

Жеке және занды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

Сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін

Тұскі үзіліс: 13:00-ден 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі